

ҚОШ КЕЛДІҢ, ҚОЯН ЖЫЛЫ!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 19 (532) 30 желтоқсан 2022 жыл



ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚОЛ ЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Білім алушыларға 2-3 %-дық жеңілдетілген несиелер алу мүмкіндіктері де жоспарлануда. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін университеттермен және құрылыс компанияларымен мемлекет-жекеменшік әріптестік тетігі жетілдіріледі. Қазіргі уақытта «Жаңа мамандықтар атласы» жасалды.

2-бетте

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Онда көне орындар, қалалар, Ясауи ізбасарлары жайлы да мағлұматтар айтылды. Сондай-ақ еңбекті жариялауда еңбек еткен ғалымдардың ізденістері мен аударма жұмыстары да кеңінен тілге тиек етілді. Жиын соңында ресми тұсау кесер жасалып, антология еңбегінің республикалық деңгейде кітапханалар мен жоғары оқу орындарына таралуы қажеттігі айтылып, қорытындыланды.

2-бетте

АҒАШТЫ БЕЗЕНДІРУ ДӘСТҮРІ-ҒҰНДАРДАН БАСТАУ АЛҒАН

Балалар әлі де шыршаның айналасында дөңгелек жасап, ән-жыр айтады. Айтпақшы, қаптан, қалпақ, кушак, етік, яғни Аяз Атаның киімі – ежелгі түріктердің гардеробынан. Үлгендегі қаптан немесе шапан, бұлғын жүні - нағыз өнер туындысы. Оның үстіңгі жағы қабыршақты мозаикалық өрнекпен безендірілген.

8-бетте

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЭСІТЕР, СТУДЕНТТЕР!

Үміт пен қуаныштың символы болған Жаңа жыл мерекесі құтты болсын! Тарих қойнауына енгілі отырған 2022 жыл еліміз бен әлем үшін өте сындарлы жыл болды. Еліміздің азаматы ретінде біріміз бұл сын мен қатерден қажырлы һәм адал еңбек пен ынтымақтың арқасында ғана өте алатынымызды тағы бір рет түсіндік.

Сонымен бірге 2022 жыл университетіміз үшін айтулы жаңалықтарға толы болды. Әрине, олардың ішіндегі ең шоқтығы биік — күрлі түркі әлемі жастарына ортақ қарашаңыраққа айналған халықаралық білім ордамызға 30 жыл толуы болды. Айтулы мерейтойды ұжым және студенттермен бірге жоғары деңгейде атап өттік. Осы мерейтой құрметіне Шүркі әлемінің интеграциясына үлес қосатын 30 ауқымды жобаны бастадық.

Көптеген иіліктерімен есте қалар бұл жылда университетіміз жаңа сапаларға көтеріліп, біршама белестерді бағындырды. Жаңа жобалар бастау алып, қызмет көрсету мен білім беру сапасы артты. Оқу орнымыздың әлемдік жетекші рейтингтердегі нәтижесі де көз қуантты. Оқытушы-профессорларымыз бен студенттеріміздің әлемдік және халықаралық аренада табысқа жетулері бойымызға мақтаныш сезімін ұялатты. Әрине, мұның бәрі — тату ұжым, адал педагогтар мен қызметкерлер, талапты студенттеріміздің тынымсыз еуегінің нәтижесі.

Дегенмен, бұл біздің жетістіктеріміздің соңы емес. Алдағы келе жатқан жаңа жылда әлі де атқаратын істер көп. Сондықтан да университеттің барлық күш-қуаты мен жинақталған тәжірибесі стратегиялық маңызды мәселелерді шешуге жұмсалады деген сенімдемін.

Құрметті әріптестер, көз қарашымыз-шәкірттер!

Жыл бойы университетіміздің иілігі үшін атқарған нәтижелі жұмыстарыңызға алыс айта отырып, Жаңа жылда баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға құт-береке, амандық тілеймін! Келер 2023 жыл білім мен ғылымды иеру жолындағы ізденістеріңіз бен еңбектеріңізге табыс әкелсін! Жаңа жыл құтты болсын!

Біі ниетпен,
Ректор
Жанар ШЕМІРБЕКОВА

ҚОЯН ЖЫЛЫНАН КҮТЕРІМІЗ МОЛ

Жаңа жыл қарсаңында өткен жылды қорытындылап, келер жылға жоспар құратын жақсы дәстүр бар. Өткен жыл еліміз үшін жаңалықтарға толы болды. Өткен жылдың ізгіліктерін ықыласпен еске ала отырып, жаңа жылдан да жақсылық күтеміз. Жыл тоғысында әрбір адам алдағы жылдан жақсылықтар, игі өзгерістер күтетіні белгілі жай. Өмірді адамға қызықты, тартымды ететін де ертеңгі күнге деген үміт. Міне, барыс жылы да тарих қойнауына сіңіп барады. Алдағы жыл қоян жылынан үлкен үміт күтеміз.

Он екі жыл айналып келген қайта,
Құтты болсын қоян жыл есік ашты.
Аппақ ұлпа қарлары жанды тер-
беп,
Саулық болсын қазағым керек басты.

Саулық болса шаттана би билейміз,
Жаңа жылдың сезініп бар жақсысын.
Қоян жылы сүйкімді күйге еніп,
Сезінеміз күндердің ең тәттісін.
Қоян жылы жақсылық орнай берсін,
Қора малға, үйіміз жанға толып.
Қуаныштар жалғасын таба берсін,
Әрбір жанның басына бақыт қонып.



ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз баяндамасында бүгінде жоғары білім саласында ұстанып отырған саясат тікелей мемлекеттік мүддемен ұштасатынын, сондай-ақ ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталғанын атап өтті.

Ол жоғары білімге қолжетімділік кеңейтіле түсетінін, атап айтқанда, Ұлттық бірыңғай тестілеу талапкердің оқу жетістіктері мен әлеуметтік жағдайын ескеретін көрсеткіштер бойынша жетілдірілетінін жеткізді. Аталған тәсіл грант бағасы жүйесіне (30%дан 100%-ға дейін) дифференциация енгізуде де қолданылады. Білім алушыларға 2-3 %-дық жеңілдетілген несие алу мүмкіндіктері де жоспарлануда. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін университеттермен және құрылыс компанияларымен мемлекет-жекеменшік әріптестік тетігі жетілдіріледі.

Қазіргі уақытта «Жаңа мамандықтар атласы» жасалды. Осы ретте өңірлік стандарттар әзірленетін болады. Бұл Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасына енген «Мамандығым – болашағым» жобасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

<https://www.jsk.kz>

БІЗДІҢ ТҮЛЕК – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

Таяуда Елордадан қуанышты хабар жетті! Университетіміздің 1995 жылғы түлегі, «Түлектер қауымдастығының» төрағасы Эльвира Әбілхасымқызы Азимова Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы лауазымына тағайындалды. Ол жаңа қызметіне 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап кірісетін болады.

Бұған дейін Эльмира Әбілхасымқызы ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл болып еді. Осы қызметте жүріп ел азаматтарының өз құқықтарын білуіне, өзін қорғай алуына ықпал етті.

Биылғы маусым айында Түркістанға сапары кезінде Түркия Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Шереф Малкочпен бірге университетімізге арнайы келген болатын. Сол кезде үш жақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған еді. Алдағы уақытта ортақ жобаларымыз өз жемісін береді деп сенеміз!

Эльвира Әбілхасымқызы – Халықаралық қазақ-түрік университетінің 1996 жылғы түлегі. Университетімізді «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған ол өзінің кәсібилігі, білімі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында басшылық қызметтерді абыроймен атқарып келеді. Еңбек жолын ҚР Әділет министрлігінде бастап, министр орынбасары дәрежесіне дейін көтерілді. Эльвира Әбілхасымқызы ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінде де орасан еңбек етіп, ел азаматтарының құқықтары тапталмауы үшін күш салды. Оның ҚР Конституциялық Сотының Төрағасы лауазымында да абыройлы қызмет ететініне сеніміміз мол!

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Оқу орнымызға қарасты Ботаникалық бақта жаңа жылыжай ашылды. Енді мұнда түп отаны Қазақстан болып саналатын қызғалдақтың көптеген түрлері өсірілетін болады.

Жаңа жылыжай а.ш.ғ.д., профессор А.К.Апушев жетекшілік ететін «Қазақстанда қызғалдақтың бастапқы материалдар коллекциясын жасау, эксклюзивті түрлері мен сорттарын көбейту мен өсірудің инновациялық технологиясын әзірлеп қолданысқа енгізу» жобасы бойынша салынды. Биыл оқу орнымыз осы гранттық жоба арқылы 77 млн теңгеден астам қаржы жеңіп алған болатын. Алдағы уақытта жоба аясында жылыжайда селекциялық мақсатта қолдану үшін қызғалдақтың жабайы түрлері мен эксклюзивті сорттарының бастапқы материалдар топтамасы жасалады.

Қазірдің өзінде қызғалдақтың 8 жабайы түрі мен 15 сорттарының топтамасы жасалды. Жеделдетілген тұқымдық, вегетативті және микроклоналды көбейту регламентін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Университетіміздің Түркология ғылыми-зерттеу институтының мерзімді басылымы болып табылатын «Түркология» журналының 20 жылдығы атап өтілді. Аталған жиын оқу ордамыздың кітапхана мәжіліс залында өтті. Шараға университет басшылары мен қызметкерлер және студент жастар қатысты. Мерекелік жиынға Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры Булент Байрам модераторлық етіп, институт пен журнал жайында маңызды мәселелерге байланысты баяндама жасады. «2002 жылы 9-12 қазанда өткен халықаралық Түркология конгресінде қабылданған шешімге сәйкес өз жұмысын бастаған ТҒЗИ-дың «Түркология» журналы жиырма жылдық тарихында кездескен кейбір қиындықтарға қарамастан, бүгінгі күнге дейін шығып тұруы, Түркология конгресінің тоғыз рет ұйымдастырылуы ТҒЗИ-ның ең жүйелі академиялық қызметі деп санауға болады», - деді Сонымен қатар айтулы жиында сөз сөйлеген университет ректоры Жанар Амангелдіқызы: «Түркі әлемі интеграциясын Түркология зерттеу ғылымынсыз елестету мүмкін емес. Түркі әлемінің интеграциясын жасағымыз келсе біз осы ғылымға қажетті деңгейде ықылас танытуымыз керек. Оған тек университет ғана емес мемлекет деңгейінде қолдау қажет болады. Сіздердің осы жолда жасап жатқан сүбелі үлестеріңізді мен ерқашан бағалаймын. Түрлі деңгейде іс-шаралар өткізіп, жүйелі жұмыс жүргізіп отырсыз. Ендеше сәттілік тілеймін!», - деді.

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Таяуда Түркістан қаласы «Ұлы дала елі» орталығында «Ясауи антологиясы» кітаптар жинағы таныстырылып, тұсауы кесілді. Жиынға ғалымдар, зиялы қауым, қоғамдық ұйым өкілдері мен Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы-профессорлары қатысты.

Іс-шара Ясауи тұлғасын таныту мақсатында түсірілген шағын деректі фильмнен бастау алды. Соңынан Түркістан облысы әкімінің орынбасары Б.Тәжібаев кітаптың маңыздылығы мен құндылығын сөз етті. Жинақ Ясауи тұлғасын таныту, сол арқылы келешек ұрпақ тәрбиелеуде оның хикметтерінің орнын ерекше атап өтті. Кезекті сөз алған университет профессоры Д.Кенжетай «Ясауи антологиясы» жинағына енген еңбектің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, мазмұндық сипат беріп өтті. Онда көне орындар, қалалар, Ясауи ізбасарлары жайлы да мағлұматтар айтылды. Сондай-ақ еңбекті жариялауда еңбек еткен ғалымдардың ізденістері мен аударма жұмыстары да кеңінен тілге тиек етілді.

Жиын соңында ресми тұсау кесер жасалып, антология еңбегінің республикалық деңгейде кітапханалар мен жоғары оқу орындарына таралуы қажеттігі айтылып, қорытындыланды. Антологияны құрастыру тобының мүшелері мен аудармашыларға жинақтар тарту етілді. Құнды дүниенің жарыққа шығуына бөлсене атсалысқандар қатарында «Ясауитану» ғылыми-зерттеу институтының директоры Нұрлан Мансұров, Бас ғылыми қызметкер Досай Кенжетай, институт ғылыми қызметкерлері Сайпулла Моллақанағатұлы, Ұлықбек Жүнісбаев, Мұхит Төлеген де бар. Ясауидің ілімін дәріптейтін аталмыш туындыдан оқырмандар тың мәліметтер алып, рухани азыққа кенелері анық.



ЖОО-ның үздік оқытушылары 6 млн теңгеден сыйақы алды

«2022 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсы жеңімпаздарының есімдері белгілі болды. Қазақстандық 43 ЖОО-ның

150 оқытушысы жеңімпаз атанды. Олардың әрқайсысы 2000 АЕК көлемінде сыйақы алатын болады, бұл шамамен 6 млн теңгені құрайды. Ақшалай ынталандырудан басқа «2022 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпаздары төсбелгіге ие болады.

Конкурс жыл сайын оқытушы кәсібінің беделін арттыру және оларды одан әрі кәсіби дамытуға ынталандыру мақсатында өткізіледі.

«Конкурсқа еліміздің 71 жоғары оқу орнынан барлығы 775 үміткер қатысты. Конкурста электронды оқу ресурстарын, оқу материалдарын әзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа

патенттердің болуы және т.б. сияқты көрсеткіштер, сондай — ақ үміткердің оқыту сапасы, оның бакалавриатта, магистратурада және докторантурада кадрлар даярлау жөніндегі еңбегі бағаланды», — деді Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев.

Айта кетейік, конкурс ҚР ҒЖБМ ақпараттық жүйесінің базасында өтті, оның көмегімен қатысушылар барлық кезеңдердің ашықтығын бақылай алды.

«2022 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсына қатысу үшін өтінімдермен құжаттарда электрондық форматта қабылданды. Бұл конкурсты өткізудің ашықтығын қамтамасыз етті. Сондай-ақ, комиссия құрамына

ҰЕҰ, ЖОО қауымдастықтарының өкілдері және білім беру саласындағы сарапшылар енгізілді.



дәл сол кезде...

ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ «2022 ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» АТАНДЫ

«2022 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсы жеңімпаздарының есімдері белгілі болды. Республикалық конкурстық комиссия өз мамандығы бойынша үздіктердің ішінен үздіктерді таңдады. Еліміздің 71 ЖОО-ның 775 оқытушысы бақ сынаған конкурста оқу ордамыздың алты бірдей оқытушысы үздіктер қатарынан көрініп мерейімізді үстем етті.

«Биология» кафедрасынан Эльмира Ибрагимова және Бауыржан Умиров, «Қазақ филологиясы» кафедрасынан Нагима Ко-

шанова, «Журналистика» кафедрасынан Бекжігіт Сердәлі, «Математика» кафедрасынан Кайрат Усманов, «Жалпы хирургия» кафедрасынан Уалихан Жұмабаевты жеңістерімен құттықтаймыз! Конкурс жыл сайын оқытушы кәсібінің беделін арттыру және оларды одан әрі кәсіби дамытуға ынталандыру мақсатында өткізіледі. Жеңімпаз атанған үздіктердің әрқайсысы 2000 АЕК көлемінде сыйақы алатын болады. Жеңімпаз атанған әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз. Топ ішінен оқ бойы озық шыққан оқытушыларымызға шығармашылық табыстар тілейміз!

ӘРІПТЕСІМІЗ «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ЖАС ҒАЛЫМЫ» АТАНДЫ

Түркістан облысында жыл қорытындысы бойынша әр салада жемісті еңбек етіп, халыққа сапалы қызмет көрсетуде абырой биігінен көріне білген азаматтар 2022 жылдың «Жыл үздігі» номинациясымен марапатталды. Үздіктердің қатарында университетіміздің Медицина факультеті, Профилактикалық медицина кафедрасының магистр-оқытушысы және Зерттеулер бойынша этикалық комиссияның хатшысы Мәуленқұл Тілектес Аязбекұлы — Түркістан облысы бойынша 2022 жылдың «Жылдың үздік жас ғалымы» номинациясының жеңімпазы атанды.

Мәуленқұл Тілектес «Болашақ» — халықаралық білім беру стипендиясының аясында 2019 жылы «Қоғамдық денсаулық сақтау» магистрі дәрежесін Квинсленд университетінен (Австралия) алған. Сонымен қатар, 2015 жылы Бірінші Президент Фонды стипендиясының иегері атанған. 2021 жылы Истиние университетінің (Түркия) 2-апталық тағылымдамасынан өткен. Scopus және Web of Science базаларындағы Хирш-индексі 2-ге тең (Tilektes Maulenkul). Тілектес Аязбекұлын құттықтаймыз!



САПАР КҮНДЕЛІГІ

МӘСКЕУ ЖАЗБАЛАРЫ-3

(Мәскеуден Дубосековаға қарай)

Мәскеуге келгеніме де он сегіз күн болды. Бүгін желтоқсанның оныншы жұлдызы. Күн – сенбі. Таңертең тұрғасын терезеге қарасам, әдемі ұшқындап қар жауып тұр екен. Беті-қолымды жуып, құрғақ сүлгіммен сүртіндім де, жылы киімдерімді киіп, көшеге шықпаққа бет түзедім. Біздің бөлме бесінші қабатта орналасқан. Баспалдақты санай басып, төменге түстім. Шығар есіктің жанында отырған кезекшімен амандастым. Бүгінгі күніне сәттілік тіледім. Ол да риза көңілмен рахметін айтып, сыртқы есіктің кілтін бұрап ашып, өз тарапынан ілтипатын жасады. Күн – керемет. Күндегі аяз да байқалмайды. Айнала әппақ ақ мамыққа оранып алып, жаңаша көрініске еніпті. Мәскеуге келгелі байқағаным қала басшылығы көше тазалығына ерекше назар аударады екен. Үлкен көшелер былай тұрмақ, жаяу жүргінші жолындағы қарды аршып, тазалап, баспалдақтар мен кей қиын тұстарына тұз сеуіп тастайтындығын аңғардым. Әрине, адамдардың қауіпсіздігі үшін бұл жақсы. Дегенмен, қыс болғасын, сол «қардың қызығын» көрмейтіні маған біртүрлі көрінді. Кеткен есемді толтыру үшін жердегі қарды сықырлата басып, көше бойлап алға жылжыдым. Күндегідей емес адам қарасы да азайған. Ерсілі-қарсылы ағылған көліктерде саябырсыған. Жылдың төрт мезгілінің өзіне ылайық ерекшелігі бар. Өз басым қыс мезгілінің осындай көрінісін қатты ұнатамын. Неге екендігін білмедім, бір жерлерге барғым келді. Есіме балалық шағым оралды... Мектепте оқып жүрген кезімде бойым кішкентай болатын. Денешынықтыру сабағында соңынан санағанда бәрі менен кейін тұратын. Қар қалың жауған күндері ағам шанаға мінгізіп, мектепке әкелетін. Сабақ біткесін, соңғы сабақта алып кететіні есімде. Егер ұмытпасам желтоқсан немесе қаңтар айының кезі. Ұстазымыз Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеуді қорғап қалған жиырма сегіз панфиловшының ерлігі туралы әңгімеледі. Олардың батырлығын, жауға қарсы күресте қасық қандары қалғанша соғысқандарын тілге тиек етті. Қақаған боранда қар төсеп, мұз жастанғандарын естігенімде еріксіз терезеден сыртқа қарап, сол суықты сезгендей әсер алғаным бар. Солар секілді батыр болуға асықтым. Керек болса, ұстазым айтқан жиырма сегіз батырдың соғысқан жеріне барып, көргім келді. Бірақ балалық шақтағы арманның бәрі орындала береді дейсіз бе? Арада біршама уақыт өткен соң, шыны керек ұмытыпта кеттім. Өсе келе, жаңа армандар, жаңа мақсаттар пайда болады екен ғой.



Қазір ойлап қарасам, сол арманға қол жеткізудің орайын тәңірдің өзі келтірген секілді ме, қалай? Аяғымды тез-тез басып, қонақүйдегі бөлмеме қарай асықтым. Мұхтар екеуіміз көп ойланбастан, жолға шықтық. Алдыңғы бір жазбасында Бауыржан (Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері) мынаны жолдапты:

«Сол кездегі Гитлердің «Барбароссо» жоспарына сәйкес, Кеңестер Одағын жаулап алу үшін үш бағытта, яғни Украина, Ленинград және Мәскеу қалаларына шабуыл жасау белгіленген. 1941 жылдың қараша айының он алтыншы жұлдызында неміс генералы Бермах бастаған шабуылға, Алматыда құрылған, генерал Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы қарсы тұрады. Мәскеу жолында орналасқан, Волоколамск тас жолының маңызы ерекше болды. Осы дивизияның батальон командирі Бауыржан Момышұлына ерекше тапсырма жүктеген. Оған жүктелген міндет жау тылына өтіп, қарсы шабуыл жасап, соғыс қимылын бәсеңдету еді. Қайта оралмас сапарға жіберіп отырғанын айтып, соңғы шешімді қабылдауды өзіне тапсырғанда, Бауыржан атамыз қасқайып тұрып, барамын деп келісімін береді. Мұндай

тапсырманы бір рет емес, әр кезде орындау «бақыты» батыр атамыздың маңдайына аямай жазылыпты. Көзі тірісінде аты, аңызға айналған панфиловшы, Мәскеу түбіндегі шайқастарға қатысып, өз ерлігімен, батырлығымен көзге түсті. Қоршауда қалғанына қарамастан оны бұзып өтіп, немістің біршама қару-жарағын, солдаттары мен офицерлерін тұтқындап алып, аман-есен қайта оралады. Оның даңқын асырып, сол кездің өзінде-ақ майдан газеттері, КСРО-ның орталық басылымдары, әсіресе, Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары өз батальонымен небір қиын тапсырмаларды орындаған алғы шеп командирінің таланты мен ерлігін жабыла жазып жатты... Майдан шебінде Бауыржан Момышұлының даңқы асқан батальон командирі болған жоқ», - дейді.

1941 жылдың өзінде Бауыржан Момышұлы Мәскеу түбінде 27 рет сәтті ұрыс жүргізді. Волоколам тас жолы бағытындағы шайқастар үшін генерал Панфилов, аға лейтенант Б.Момышұлын Кеңестер Одағының батыры атағаны лайық деп есептеп, жоғарыға ұсыныс хат жолдайды. Сол жылдың 19 қарашасында генерал Панфилов ауыр жарақаттан көз жұмып, хат өз жеріне жетпей қалады.


Оның орнына келген орыс командиріне Бауыржанның тік, өткір мінезі ұнамай қалып, атақтар мен марапаттардан құр қалады. Онан соңда бірнеше рет жасалған ұсыныстар, қызғаныштың кесіріне тап келді. Соғыстан кейін Совет Армиясы Бас штабының Жоғарғы әскери академиясын бітіріп, сонда әскери педагогикалық қызметпен айналысты. Бірақ Момышұлы «Кеңес Одағының батыры» атағына үш рет ұсынылса да берілмеді, кері қайтарылды. Оны «қиын адам» деп қабылдап, керісінше бос күндеуге жол берді.

Курс вокзалына келіп, Мұхтар екеуіміз поездға отырдық. Барар жеріміз – Дубосекова станциясы. Онда жету үшін, үш жарым сағат уақыт кетеді екен. Жол қысқартпақ мақсатында әңгіме қозғадық. Сөзді көп жағдайда Мұхтар бастап, мен тыңдап отырдым. Себебі университет бітірген кезінде оның дипломдық жұмысының тақырыбы соғыс жылдарында Қазақстаннан шыққан жауынгерлерге арналыпты. Зерттеу жұмысын жазу барысында біршама архив материалдарын тапқанын, әлі күнге дейін көшірмелері өзінде сақталып тұрғанын тілге тиек етіп, сөзін жалғады:

«Жиырма сегіз панфиловшылар – Ұлы Отан соғысы жылдарында Мәскеуді ерлікпен қорғаған қазақстандық жауынгерлер. Генерал-майор И.В. Панфиловтың 316-атқыштар дивизиясы Мәскеу түбіндегі Волоколам тас жолын қорғап, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. 16-қарашада жау Волоколам бағытында ұрысқа шығып, Дубосеково разъезіндегі 1075-атқыштар полкі 4-ротасының 2-взводы тұрған бекініс шебіне шабуыл жасайды. Барлығы 28 адам мылтықпен, жанармай құйылған шөлмектермен, гранаталармен қаруланып, жаудың 20 танкісімен 4 сағатқа созылған ұрыс жүргізді. Жаудың 14 танкісі қиратылып, панфиловшылар арасынан да бірнеше адам қаза тапты. Жау ұрысқа тағы 30 танк шығарды. Қазақстандық жауынгерлер соғыс тарихында сирек кездесетін ерлік жасап, жаудың болат құрсанған машиналарына төтеп берді. 28 панфиловшылардың 23-і қазаға ұшырады, бірақ жау танкілері олардың шебінен өте алмады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1942 жыл 21 шілдедегі Жарлығымен бұл жауынгерлердің барлығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың ішінде төрт қазақ жауынгері: Нәрсұтбай Есеболатов, Қожаберген Әлиасқар, Әлікбай Қосаев, Мұсабек Сеңгірбаев болған».

Әңгіменің қызығымен уақыттың қалай өткендігінде байқамайда қалдық. Дубосекова станциясына жетіп, поездымыздан түсіп, соғыс алаңы болған биік төбеге қарай, тез басып жүріп кеттік.



Данияров Талғат Әбубәкірұлы

П.ғ.к., профессор

Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері

11 желтоқсан 2022 жыл.

Мәскеу қаласы, сағат 04.21

МӘСКЕУ ЖАЗБАЛАРЫ - 4

(ТРЕТЬЯКОВ ГАЛЕРЕЯСЫ)

Кеше кешкісін Бауыржан екеуіміз телефон арқылы сөйлестік. Мұхтармен бірге Дубосекова станциясына барғанымызды және сол жерде Қазақстанда құралған дивизия құрамындағы жиырма сегіз панфиловшының соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігін әңгімеледік. Өздері мерт болса да, Мәскеуге қарай бағытталған неміс шабуылына тойтарыс берген жауынгерлердің ерліктерін қозғадық. Әңгіме барысында ертеңгі күнге жоспар құрдық. Ақылдаса келе, ертеңісін Третьяков галереясына барамыз деп шештік. Бүгін – он бірінші желтоқсан. Күн – жексенбі. Ауа-райы жылы. Қыдыруға өте ыңғайлы екен. Келісім бойынша сағат он бірлер шамасында аталған галереяда кездестік. Келушілердің қарасы көп. Ішінде ересектер, қол ұстасқан жарасымды жұптар және жанына үлкенді-кішілі ұл-қыздарын еріткен отбасылы ата-аналар да бар. Мұны бала тәрбиелеуге қатысты көзқарастың дұрыстығы деп бағаладық. Балаға айтумен қатар, көзге көрсетіп, санасына түйуіне ықпал ету – құптарлық іс. Бұл жағдай біздің назарымызды балабақша тәрбиеленушілері, мектеп оқушыларымен қатар, колледж бен жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасынағы тәжірибелік сабақтардың көлемін арттыруға басымдық берілсе тиімдірек боларына көңіл аудартты. Алдағы уақыттарда аталған мәселені ұсыныс ретінде ұсынуға ой салды. Галереяның ішінде



ыңдысын сатып алады. Коллекционер орыс суретшілерінің туындыларын көрсететін Ұлттық мұражайдың негізін осылай қалыптастырады. Ондағы мақсаты сурет пен кескіндемені шынайы және жалынды сүйетін, көпшілікке пайда әкелмек болыпты. Осыдан-ақ бұл азаматтың тек дүние

жинамай, ертеңгі күні орыс ұлтының мақтанышына айналар керемет істің боларына деген сенімді аңғардық. Біздің де атқа мінер азаматтарымыз бен бай-бағыландарымыз осыдан сабақ алса, жөн болар еді-ау деген ойға келдік.

Галереяда сол заманның бейнесін аңғартатын, тарихтың терең қойнауында қалып қоймай, бүгінгі ұрпақ үлгі алатын көптеген туындыларды тамашаладық. Соның ішінде атақты суретшілер мен мүсіншілердің еңбектері, орыс саяхатшыларының елдің түкпір-түкпірінен әкелген керемет өнер туындыларымен таныстық. 1917 жылғы төңкерістен кейін галерея ұлттандырылып, мұражай жаңа коллекциялармен толықтырыла бастады. 1985 жылы Қырым билігіндегі Мемлекеттік сурет галереясы Третьяков галереясымен біріктіріліп, суретшінің Орталық үйімен бірге жаңа Третьяков бірыңғай мұражай кешені құрылыпты.

2018 жылғы жағдай бойынша экспозицияда 180 000-нан астам зат болыпты. Оның қатарына XI-XX ғасырларда жасалған кескіндеме, мүсін және

бағалы металдардан жасалған бұйымдарда кіреді екен. Мұражай 1906 жылы салынған ғимаратта орналасыпты.



кіргесін сыртқы киімдерімізді өткізіп, билет алдық. Мұражайға кірген бетте оның тарихына қатысты мәліметті сондағы қызметшілердің бірінен сұрап білдік. Оның негізін қалаушы-кедей көпес отбасынан шыққан өнеркәсіпші және меценат Павел Михайлович Третьяков деген орыс азаматы екен. Ағасы Сергеймен бірге олар тұрақты табыс әкелетін зығырдан жасалған Кострома өндірісін құрады. Кейіннен ағайынды Третьяковтар қайырымдылық пен кескіндеме жинауға қызығушылық танытып, 1856 жылы орыс суретшілерінің екі ту-



Біздің көңіліміздің толғаны Третьяков галереясының – мемлекеттік маңызы бар Ресей халықтарының мәдени мұрасы болғандығы және оны мемлекеттің қорғайтындығы.

Данияров Талғат Әбубәкірұлы
П.ғ.к., профессор
Халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері
11 желтоқсан 2022 жыл.
Мәскеу қаласы, сағат 20.55

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



ÓZGEERIS CREATIVE HUB ТҮРКІСТАН ЖАСТАРЫНА ДӘЛ КЕРЕК КЕЗІНДЕ АШЫЛДЫ

Жуырда Түркістан қаласы «Ханшайым плаза» ойын-сауық орталығында Ózge Eric creative hub ресми түрде ашылды. ÓzgeEric creative hub Түркістан жастарына дәл керек кезінде ашылды.

Былтыр Алматыда бастау алған кезінде, “Түркістанда да жиыла қоятын, басқосулар өткізетін бастысы еркін отыратын осындай алаң болса екен...”- деп армандап едім.

ÓzgeEric creative hub- бұл көрме, театр, концерттер және әртүрлі кештер жүргізетін алаң.

Тағы бір қуанғаным, жастар көптеп келетін «Ханшайым плаза» басшылығы осынау жобаны іске асыруды құп көргеніне өте қуаныштымын.

Бұйырса, мен бұл алаңда сіздер үшін жақында жаңа жобаларымды жасаймын.

Бұл хаб – халықаралық деңгейде заманауи бәсекеге қабілетті қазақстандық өнерді дамыту мен қоғамның мәдени санасын арттыруды, оған қоса дарынды, зияткер жастарға қолдау әрі тәлімгерлік көрсететін кеңістік. Ерекше жобаның ашылуына оқу орнымыздың

ұжымы мен студенттер де қатысты.

Салтанатты жиын кезінде “ÓzgeEric” жобасының құрушысы Мақпал Жұмабай модератор болып, хабтың мақсаты мен қызметін көпшілікке түсіндірді.

Шығармашылық тұлғалардың басын біріктіруді көзбейтін хаб біздің студенттеріміз үшін де үлкен мүмкіндіктерге жол ашпақ. Сондықтан, ресми ашылу кезінде университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова мен ÓzgeEric негізін қалаушы Тоғжан Құрманжанова ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Ендігі уақытта тараптар музыка, әдебиет, кино, анимация, креативті білім, театр, медиа, көрме, білім, ғылым және IT бағыттары бойынша ортақ жобаларды іске асыратын болады.

Аталмыш шараны ұйымдастырушы, жобаның негізін қалаушы Мақпал Жұмабай, Тоғжан Құрманжанова, Әйгерім Бегімбетке көпшілік алғыстарын жаудырып жатты.

Сандуғаш БЕКТҰРОВА,
4-курс студенті

СІЗ ТУҒАН ЖЫЛ МІНЕЗІҢІЗ ТУРАЛЫ НЕ АЙТАДЫ?

1. Тышқан жылы туылғандар

Олар үсті-басын таза ұстап, сақ жүреді. Думан-той, ырду-дырдудан бойын аулақ салуға тырысады. Мінезі – төкаппар, сәл нәрсеге өкпелегіш.

2. Сиыр жылы туылғандар

Ұстамды келеді. Туғантуыстарының, өзінің қайғысына қатты күйзеліп, кімге болсын көмегін аямайды. Кейде бұл қылығы өзіне зиянын тигізеді. Адамдар бұлардың жақсылығын тез ұмытады, алайда қиыс басса, оған түсіністікпен қа-райды.

3. Барыс жылы туылғандар
Қызба мінезді, ашулан-шақ, басқаға билік жүргізгенді ұнатады, ешнәрсеге көңілі толмайды, бір істі қолға алса, бөгет болған адамдарды ұнатпайды, оларды беттен алып, ренжітіп тастайды.

4. Қоян жылы туылғандар
Қорқақ. Кезкелген нәрседен үрейленеді, сыр сақтауға олақ. Маңызды істе өз бетінше шешім қабылдай алмайды. Қашанда көңіл-күйіне қарай әрекет ететін жан.

5. Ұлу жылы туылғандар
Тұйық мінезді, барынша қарапайым көрінуге тырысатын, байсалды, құпияны сақтай білетін, көбінесе үнсіз жүруді ұнататын адам. Оның қолынан үлкен істерді атқару келеді, қай істі де өз ақылымен, оңаша шешуге ұмтылады.

6. Жылан жылы туылғандар
Сырт көзге ұяң, маңыз-ды істерден қашақтап жүреді. Қойылған сауалға нақты жауап қайтармайды. Тайсақтап жауап береді. Басына пәле болып жабысатын нәрсе – тілі. Шамы-на тисе, ұяңдығын қойып, шынайы мінез-құлқын көрсетеді. Жаныңды жаралап алғың келмесе жыландардан аулақ жүр.

7. Жылқы жылы туылғандар

Олар – «жұмыс аты» сияқты. Жұмыстан ешқашан да жалықпай, таңертеңнен кешке дейін бір тыным тап-пайды. Әйтеуір, күні бойы тыпырлап, мазасыз күй кешеді.

8. Қой жылы туылғандар

Сәл нәрсеге ашуланады, қисайған бетінен қайтпайды. Сондай сәттерде өзіне де, жанында жүргендерге де қауіпті. Өзін жарға жығатын мінезі – шешімді тым асығыс қабылдайтындығы.

9. Мешін жылы туылғандар

Олар - өзіне-өзі ғашық жандар. Сәнқой, ырду-дырду көп көңілді бас қосуларды ұнатады. Өзін өзгелерден артық санайды.

10. Тауық жылы туылғандар
«Үйкүшік». Үй-үйелменіне қамқор болып, кез-келген адаммен тез тіл табысады, отбасында адал. Ақыл-ойы бір басына жетерлік.

11. Ит жылы туылғандар
Мінезі сөзшең, талас-тартыс, дау-дамайға лезде араласып кетеді. Оны өзі де білмей қалады. Алайда еш-кімге зияны жоқ.

12. Доңыз жылы туылғандар
Оңаша, табиғат аясында, бау-бақшада еңбек еткенді, көңілді кештерге

қатысқанды ұнатады. Көп нәрсеге басын қатырмайды, ол жөнінде көп ойланбайды. Отбасында бала-шағасы көп болады.





AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MEZUNU ELVIRA AZIMOVA KAZAKISTAN CUMHURİYETİ ANAYASA MAHKEMESİ BAŞKANI OLARAK ATANDI

1995 yılında Ahmet Yesevi Üniversitesinden mezun olan Elvira Azimova, Kazakistan Cumhurbaşkanı Sayın Kasım Cömert Tokayev tarafından 01 Ocak 2023 tarihinden itibaren Kazakistan Cumhuriyeti Anayasa Mahkemesi Başkanı olarak atandı. Elvira Azimova Kamu Denetçisi görevini yürütmekteydi.

Sayın Elvira Azimova'ya yeni göreve atanmasından dolayı tebrik eder, başarılarının devamını dileriz.



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ TÜRKOLOJİ DERGISİNİN 112. SAYISI YAYIMLANDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Enstitüsü tarafından Türkiye bilimleri alanındaki temel sorun ve konuların yayımlanması amacıyla sistematik şekilde yılda dört sayı olarak çıkarılan «Türkoloji» dergisinin 20. yılındaki 112. sayısı yayımlanmıştır.

Derginin erken görünümde yayımlanan sayısına aşağıdaki genel ağ adresinden ulaşabilirsiniz.

<https://dergipark.org.tr/tr/pub/ayt/issue/74241>



ISSN 1727-060X (Print)
ISSN 2664-3162 (Online)



TÜRKOLOGIA TÜRKOLOJİ

AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, KYK GENEL MÜDÜRÜ RECEP ALI ER'İ ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, KYK Genel Müdürü Recep Ali Er'i ziyaret etti. Ziyarete ikili iş birliği hususları değerlendirildi.



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, DIYANET İŞLERİ BAŞKANI PROF. DR. ALI ERBAŞ'I ZİYARET ETTİ



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Diyanet İşleri Başkanı Prof. Dr. Ali Erbaş'ı ziyaret etti. Görüşmede yapımı devam eden Ahmet Yesevi Üniversitesi İlahiyat Fakültesi ele alındı. Görüşme sonrası Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Prof. Dr. Ali Erbaş'a Ahmet Yesevi Üniversitesi yayını olan Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedisini takdim etti.

ЖАҢА ЖЫЛ

ЖАҢА ЖЫЛ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Жаңа жыл – барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді отбасылық мерекелердің бірі. Көптеген елде 31 желтоқсанның 1 қаңтарға қараған түні тойланады.

Жаңа жыл әр елде ұлттық салт-дәстүрге сай тойланады, десек те, алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген әсем шырша, түн ортасында сағаттар соғып, Жаңа жыл келгенін білдіруі, шампан, жаңажылдық дастархан, сыйлықтар, ғажайыптар мен жақсылыққа сену – бәрімізге ортақ.

Жаңа жыл қашан пайда болды?

Ғалымдардың айтуынша, Жаңа жылды тойлау шамамен біздің дәуірімізге дейін 3000 жылы алғаш рет Месопотамияда басталған. Көне замандағы адамдар Мадрук құдай зұлымдық пен өлімді жеңді деп санаған. Сол себепті Месопотамия халқы жақсылықтың жамандықты жойғанына қуанып, бірнеше ай бойы тойлайды. Өртүрлі карнавалдар, маскарадтар мен шерулер өткізеді. Мейрам кезінде жұмыс істеуге, жазалауға және сот шешімін шығаруға тыйым салынған.

Уақыт өте келе бұл дәстүрді мысырлықтар мен гректер жалғастырып, содан соң римдіктер мен өзге халықтарға тарай бастайды. Ежелгі Грекияда Жаңа жыл жазғы күн тоқырауы – 22 маусымда тойланып, шарап құдайы – Диониске арналған. Гректердің жыл санауы Олимпиада ойындарынан басталды.

Көне заманда Жаңа жыл қалай тойланды?

Бірнеше ғасыр бойы Көне Мысырда шілде-қыркүйек

айларында Ніл өзенінің арнасынан асуы аталып өткен. Осы бір аса маңызды кезең жаңа егін маусымының басталуын білдіретін. Ніл өзені суының киесі бар деп сенетін мысырлықтар Жаңа жылды тойлаған кезде Нілдің "қасиетті суын" құмыраларға құйып алатын болған. Ырым бойынша Нілдің суы ескі-құсқыны шайып жібереді. Сол кезден бастап жаңа жылда ән айтып, би билеу, мерекелік дастархан жайып, бір-біріне сыйлық жасау дәстүрі басталыпты.



АҒАШТЫ БЕЗЕНДІРУ ДӘСТҮРІ-ҒҰНДАРДАН БАСТАУ АЛҒАН



Ағашты безендіру дәстүрі-ғұндардан бастау алған, кейінірек еуропалықтар қабылдады. Шырша-түріктердің қасиетті ағашы. Ель-YOL AĞASH. Шырша мерекесі-христиандықтағы "бөтен" мереке, оны Еуропаға Ұлы түрік Аттила әкелді. Түріктердегі шырша мен қайың ежелден қасиетті ағаш болып саналған. Шырша мерекесі қыстың ең қызған шағында – 25 желтоқсанда "Нар туған" мерекесі басталды. Содан кейін күн түнді жеңді. Тілектері бар ленталар шыршаның бұтақтарына байланған. Ал күн бұрынғыдан сәл ұзағырақ жерде қалды. Таңертең шыршаның айналасында "индербай" деп аталатын дөңгелек би жүргізілді: адамдар күнді бейнелейтін шеңберге тұрды. Сондықтан олар аспан жарығының оралуын шақырған. Барлығы сол түні жасалған ең терең тілек сөзсіз орындалады деп сенді. Шырша "Үлкен ағаш" деп аталды, ол адамдар әлемін құдайлар мен рухтар әлемімен байланыстырды. Шырша, жебе тәрізді, жоғарыға, Үлкенге апаратын жолды көрсетті... осыдан "шырша" атауы, түркі жолы, жол. Бүгін бұл әйгілі шырша мерекесі! Үлкен – Аяз Ата деген жаңа атқа ие болды, бірақ оның мерекесіндегі рөлі мен киімдері өзгеріссіз қалды.

Балалар әлі де шыршаның айналасында дөңгелек жасап, ән-жыр айтады. Айтпақшы, кафтан, қалпақ, қушақ, етік, яғни Аяз Атаның киімі – ежелгі түріктердің гардеробынан. Үлкендегі кафтан немесе шапан, бұлғын жүні - нағыз өнер туындысы. Оның үстіңгі жағы қабыршақты мозаикалық өрнекпен безендірілген. Жүн жасыл және қызыл түске боялған. Сыртынан жүн былғары жолақтармен және квадраттармен, сондай-ақ алтынмен қапталған дөңгелек ағаш тақтайшалармен қапталған. Олар дәл осындай киіммен жүрді. Археологтар мұны мінсіз дәлдікпен дәлелдеді. Ұлы қоныс Еуропаға әкелген түріктер де шыршаны қастерлеуді жалғастырды. Онда бұл мереке Аттиладан бері белгілі. Айта кету керек, бұл факт: славяндар үшін емен қасиетті ағаш болып саналды, финдерде – қайың, гректерде – зәйтүн.

Мурад АДЖИ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Кожам Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Фото маманы:

Нахып ШЫНТЕМИРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

2019 жылдың қаңтарынан бастап « Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.